



Жаңа әліпбиді енгізу – бізге жүктелген тарихи міндет

2




Тереңнен тартқан тамырын

3



Абай – пірі қазақтың

4



Ерлік ескерілуі тиіс

4

■ ПРЕЗИДЕНТ

Экономикалық ахуал жөнінде кеңес өткізді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің және Мемлекет басшысына тікелей бағынышты органдардың жетекшілерімен кеңес өткізді. Онда әлемдегі қаржылық-экономикалық ахуал және оның Қазақстан экономикасына әсері жөнінде мәселелер талқыланды.

Президент Үкіметке, Ұлттық Банкке және басқа да мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырма берді. Басты тапсырма – мемлекеттің халық алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындау.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, Премьер-Министрдің тікелей басшылығымен Шұғыл әрекет ету штабы құрылды. Дағдарысқа қарсы іс-қимылдар жоспары әзірленеді, ірі кәсіпорындарда халықты жұмыспен қамтуға қолдау көрсету жөнінде арнайы жоспар дайындалады. Президент халықты мүмкіндігінше көбірек жұмыспен қамту мәселесін аса маңызды деп санайды.

Үкімет 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау жөнінде ұсыныс енгізеді.

Мемлекет басшысы бюджет шығындарын қысқарту, өңірлерде халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еліміздің қаржы-валюталық нарығын тұрақтандыру, республикалық және жергілікті бюджеттерді оңтайландыру бойынша шаралар қабылдау қажеттігін айтты.

■ ҮКІМЕТ

Шұғыл шаралар қабылданады

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әкімдіктерге әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша нарықтарда тауар интервенцияларын өткізу үшін тұрақтандыру қорларының тиімді жұмысын қамтамасыз ету тапсырылды.

Премьер-Министр «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға, ұлттық басқарушы холдингтерге және Үкіметке есеп беретін басқа да ұйымдарға валюта нарығындағы өз операцияларын Ұлттық Банктен келісуді тапсырды. Қаржы министрлігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір апта мерзімде басым емес инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімін ауыстыра отырып, бюджеттік шығыстардың басымдықтарын қайта қарау жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Үкімет басшысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне уақытты әлеуметтік төлемдерді толық көлемде қамтамасыз етуге және жұмыспен қамтудың жаңа Жол картасын әзірлеуге тапсырма берді, оның аясында инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу және елді мекендерді абаттандыру жөніндегі жұмысты күшейту, сондай-ақ әкімдіктермен бірлесіп, азаматтардың еңбек құқықтарының сақталуына қатаң бақылауды қамтамасыз ету жүктелді.



Сыр бойы

Кызылорда облыстық қоғамдық-саяси газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 наурыз, СӘРСЕНБІ 2020 ЖЫЛ



№37 (19913)

■ НАРЫҚ



МҰНАЙ ТҮСТІ, ДОЛЛАР ӨСТІ

Бүкіл әлемді алаңдатып отырған коронавирус мұнай бағасының құлдырауына себеп болды. Осыдан екі күн бұрын Лондондағы ICE Futures биржасында Brent маркалы мұнай бағасы 2017 жылдың жазынан бері алғаш рет 40 доллардан төмен деңгейге түсті. Мысалы, 9 наурызда 30 долларға дейін төмендесе, келесі күні 36 долларға қайта көтерілді.

Сарапшылар бұл жағдайды қысқа мерзімді құлдырау деп санауда. Себебі, оның артында ешқандай макроэкономикалық немесе дағдарыстық жағдай емес, ОПЕК аясындағы Сауд Арабиясы мен Ресейдің келіспеушіліктері тұр. ОПЕК құрамындағы және оған кірмейтін елдер арнайы уағдаластықпен осы жылы мұнай өндірісін азайтуы қажет еді. Жоғарыда атап өткендей, бұл құлдырау қысқа мерзімді деп саналып отыр. Себебі мұнайдың төмен бағасы не Ресейге, не Сауд Арабиясына тиімді емес. Сол себепті, жақын арада мәселе бойынша бір мәміле жасалмақ.

Әрине, бұл жағдайлар тікелей

доллар бағасына әсер ететіні айдан анық. Өткен аптада елімізде бір доллардың бағасы 384 теңгеден сатылып келсе, мұнай бағасының құбылуынан 400 теңгеге жуықтады. Дәлірек айтқанда, 398-399 теңге аралығында сатылымға шығарылды. Ал сейсенбіде, яғни 10 наурыз күні доллар бағасы 395 теңге шамасында белгіленді. ҚР Ұлттық Банкі облыстық филиалының бөлім басшысы Александр Кан Қызылорда қаласындағы банктерде осы баға белгіленгенін мәлімдеді. Сонымен қатар, ол доллар сатуға тоқтам салынды деген ақпараттың шындыққа жанаспайтынын жеткізді.

Мұнай бағасының құлдырауы

Қазақстан үшін тосын болған жоқ.

– Себебі, оның алдында коронавирустың өршуі, Қытай тарапынан мұнайға сұраныстың азаюы бойынша санаулар жүргізіліп, шекара жабылған жағдайда, пандемия өскенде қандай шаралар қолдану қажеттігі пысықталып, дағдарысқа қарсы бағдарлама дайындалған болатын. Сол себепті, біздің мемлекет тарапынан қолданылатын шаралар кешені бар. Ұлттық банк пен Үкімет мәлімдеме жасады. Сондықтан, үрей мен қорқынышқа негіз жоқ, – деді ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты Макроэкономикалық зерттеулер мен болжамдар орталығы директорының міндетін атқарушы Қуаныш Бейсенғазин.

Валюта бағамының өзгеруіне байланысты елімізде азық-түлік тауарларының бағасы қымбаттамауы тиіс. Бұл туралы ҚР Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов Үкімет үйіндегі

баспасөз мәслихатында айтты.


– Баға – өте маңызды мәселе. Мұны азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар деп екі бөлікке бөліп қарастыруға болады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сөйкес, азық-түлік тауарларының басым бөлігі елімізде өндіріледі, жергілікті ресурстарға байланған. Сондықтан валютаның, доллардың теңгеге бағамының өзгеруі салдарынан баға өзгеріске ұшырамауы тиіс. Ал электронды техникалар, фармацевтика секіріп отандық емес тауарларға теңге бағамының өзгеріске ұшырауы әсерін тигізеді, – деді министр.

Үкімет болып жатқан жағдайлардың экономикамызға зардабын барынша азайтуға ықпал етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрақтылықты қамтамасыз етуге жұмыс жүргізе бермек. Елімізде оған қажетті ресурстар жеткілікті.

«СБ» ақпарат.

■ БӘРЕКЕЛДІ!

Қамшыбек Олимпиадаға жолдама алды



Иордания астанасы – Амман қаласында өтіп жатқан бокстан Олимпиадаға іріктеу турнирінде жерлесіміз Қамшыбек Қонқабаев дүбірлі долаға берілетін жолдамаға қол жеткізді. Ол аса ауыр 91 келден жоғары салмақта жарысты бірден ширек финалдан бастаған еді. Алғашқы айқасында қытайлық Маймайити Аемайитиді айқын басымдықпен ұтып, жартылай финалға шықты. Сондай-ақ, Олимпиада ойындарының жолдамасын қанжығасына байлады.

Қамшыбек бұған дейін Олимпиадада бақ сынап көрген емес. Ол 2017, 2019 жылдарда Әлем және Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Аталған турнирде біздің ел құрамасында жігіттерден Токио Олимпиадасына Серік Теміржанов (57 келі), Закир Сафиуддин (63 келі), Абылайхан Жүсіпов (69 келі), Әбілхан Аманқұл (75 келі), Бекзат Нұрдәулетов (81 келі), Василий Левит (91 келі) жолдама алды. Ал қыздардан Надежда Рябец (75 келі) баратын болды. Қазақстандық балғары қолғап шеберлері кеше жартылай финал ойындарын өткізді.

Естеріңізге сала кетелік, бұдан бұрын еркін күрестен Дәулет Ниязбеков Токио төрінде тайталасқа түсетін тарландар қатарына қосылған еді. Осылайша өзрге біздің облыстан айтулы аламанға баратын саңлақтар саны екеуге жетті.

Әділет ТАЛАПТАН.

■ КӘСІП

Ынта – ырыстың көзі

Төретамдық Жұлдызай Бақтыбаева кент тұрғындарын ас атасы – нан және нан өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді. Оның қолынан шыққан дәмді өнімдер үлкен сұранысқа ие.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Бұл манайда наубайхана жоқ. Сондықтан тұрғындарға қажетті нысан болған соң осы жобаны қолға алдым. Осылайша мемлекеттік бағдарлама арқылы 500 мың теңге қайтарымсыз қаражатқа қолым жетті. Қазір ұннан жасайтын түрлі өнімдерді тапсырыспен жасап отырмыз, – дейді Жұлдызай Болатбекқызы.

Бүгінде наубайханада 3 адам жұмыс істейді. Жиырма төрт жастағы кәсіпкер болашақта наубайхана қызметін үлкейтпекші. «Ол үшін талап пен ынта керек. Ал менде екеуі де бар» дейді іскер жан.

Кармақшы ауданы.



Суретті түсірген Қазбек Тайбағаров.

■ ИНДЕТ ИНДЕП БАРАДЫ

100-ден астам елге тарады

Қытайдан тарап, күллі әлемді үрей құшағында ұстап отырған коронавирус кеселіне қатысты 10 наурыз күні мәліметтерге қарағанда, оны жұқтырғандар саны 113 мыңнан, қайтыс болғандар саны 4 мыңнан асты. Қытайдың өзінде 80754 адамның ауырғаны расталды.

Кеше Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин коронавирус ошағы – Уханьға барды. Төраға ондағы жағдаймен, кеселмен күресте жасалып жатқан шаралармен таныспақ. Осы елдің Денсаулық сақтау ұлттық комитеті ауру маусым айына дейін таралуы мүмкін деген болжам айтты.

Басқа елдерде 28673 жағдай тіркелсе, бір тәулік ішінде 3948 жағдай анықталған. Қазір әлемнің 104 елінде коронавирустан 686 адам қайтыс болған. Ал жазылып кеткендердің саны 59 мыңнан астам.

Ресей астанасы Мәскеуде ауру жұқтырған 3 адам арнайы боксқа жатқызылды. Екі пациенттің ауруы жеңіл өтуде, біреуінің жағдайы орташа ауыр.

Италияда көпшілік шаралардың барлығы кейінге қалдырылды, мектептер мен университеттер жабылды, сауда үйлері де демалыс күні жабық.

2-бет.



\$ 393,6 ₰ 5,47 € 431,4

Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын халқымыздың түркілік туыстыққа бет бұруына бастама болған, алайда қызыл империяның жымсық саясатының құрбанына айналған латын әліпбиіне қайта оралу қажеттігі жөнінде мәселе көтеру тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен кейін ғана мүмкін болды. Латын әліпбиіне бетбұрыс жөнінде алғаш 2006 жылы өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында Елбасы тарапынан сөз болып, кейін де әлденеше рет еске салынды.

Халқымыздың зиялы бөлігінен қолдау тапқан, Елбасы ойының қорытындысы латын әліпбиіне оралу жөніндегі нақты тұжырым мен орындау бағытындағы іс-шаралар жобасы оның «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жария етілді. Бүгінгі күні арнайы құрылған комиссияның және жалпы халықтың тал-

Жаңа әліпбиді енгізу – бізге жүктелген тарихи міндет



қысынан өткен, әлі де талқылануы тоқтамаған латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасын Елбасы өзінің Жарлығымен бекітіп бергеніне оқу болғанымызға да және оны орындау бағытындағы жұмыстардың басталып кеткеніне де біршама уақыт болды. Рас, әліпби таңдау не оны өзгерту қай кезде де, қай елде де оңайлықпен және тез арада жүзеге асатын құбылыс болған емес. Сондықтан болар, латын графикасын негіз етіп төл әліпбидерін қабылдаған мемлекеттердің қай-қайсысында да қиындықтар болды, әлі де бар. Біздің басты қиындықтардың бірі – алғаш әліпби ауыстыру жайындағы идеяны елдегі зиялы деген адамдардың өзі бірден қабылдай қоймағаны және бұл көзқарастағылар әлі де бар екендігі. Мәселен, белгілі қоғам қайраткері, ақын М.Шаханов бастаған 62 адам қол қойған хатты еске алуға болады. Немесе қарсылық білдірушілер қатарында әмбебап ғалым, жас ұрпақтың сүйікті ұстазы болған академик Мырзатай Серғалиевтің де бір сөзінде: «...Соңғы кездері ұлттық әліпбиге қатысты пікірталастар көрініс беріп жүр. Көбірек айтылып жүрген ұсыныс латын әрпіне көшуді қалайды. Қазақ тілі менің ата-бабамның тілі және өзім де бұл салада теориялық жағынан да, практикалық жағынан да шама-шарқымша еңбектеніп жүрген адам ретінде үзділді-жесілді қарсылығымды білдіремін...» дей келіп, бірнеше уәждерін атап көрсетеді. Өйткені, өзіміз жақсы көретін, өмірде де, ғылымда да талай пікірлес болған ағамыздың ертерек дүниеден өтіп кеткені ғой, әйтпесе дәл қазіргі кезде сол пікірін өзгертер ме еді, кім білсін?! Сондай-ақ, тіпті, жақинда ғана тәлемдірдан үш бірдей алып ғалымдар – О.Сүлейменов, Т.Шарманов және М.Әуезовтердің сұхбатынан да латын графикасына көшуді құптай қоймайтын ойларды байқап қалғандымыз. Латын графикасының болашағына күмәнмен қарайтын көзқарастар мен пікірлер ел арасында, тіпті мүйіз қарағайдай ірі ғалымдардың өздерінде де әлі күнге бар екенін осыдан-ақ байқауға болады.

Қалай болғанда да, бүгінгі күні бізге мемдiгiмiздiң символдары ретiнде Елтанба, Әнұран, Туымызды жанартамымыз тәрiздi, қазағымыздың болашағы үшiн зор саяси мәнi бар, ұлтымыздың символы – қазақ тiлiнiң жана таңбасы болуын да қаладық және ол үшiн бiр кезде аталарымыз қолданған латын таңбалы әлiпбiге көшудi жөн көрдiк. Және бұған төтеннен де келгенiмiз жоқ, бiрсыпыра дайындықпен, әсiресе жаңа қазақ әлiпбiнiң нұсқаларын жасаудағы көптеген ұсыныспен, осы жолға ертерек түскен туыста халықтардың тарихын талдап-талқылаудан өткiзумен келдiк. Жаңа әлiпбi бiздiң

руханиятымызға, тарихымызға қалай да әсер етпей қоймайды және бұдан ұтарымыз да бар. Қазiргi кезде елiмiзде қызу талқылану барысында түрлi-түрлi ой-пiкiрлердiң арқауына айналған, сол негiзде Елбасы Жарлығымен мақұлданған әлiпби ауыстыру мәселесi бiздiң саяси тәуелсiздiгiмiзбен бiрге келген ел тарихындағы елеулi оқиға болып саналады. Өйткенi тарихи да, саяси да бодандықтан құтылған елдiң ұлттық символы болып есептелетiн тiлi де тәуелсiздiкке ие болуға, нақтырақ айтқанда, сыртқы тұлғасы да, жүйесi де, құрылымы да жат тiлдiң бодандығынан арғылуға тиiс. Өзге тiлдiң бодандығынан арғылуға дегендi, кейбiр түсiнiк-талғамы аз, қыныр мiнездi кiсiлердiң түсiнiгiндей, тiлдiң өзiн емес, оның таңбасын ғана (тiлдiң сыртқы жамылшынын, кнiмiн) ауыстыру деп түсiну керек, яғни тiл өзгермейдi, оның жазу таңбасы ғана өзгередi.

Сонымен бiрге, қазiргiдей «жаһандану» деп аталатын сағат сайын емес, минут, тiптi секунд сайын өзгерiп жатқан «айдаһар» заманда, әр ұлт, әр мемлекет соның қажеттi ортақ талаптарына ерiксiз ерумен бiрге, қомағай көмейiне түсiп, жұқтылып кетуден де сақтанады. Ата-бабадан аманат болып қалған ұлан-байтақ жерiмiзде өмiр сүрiп жатқан саны аз «қазақ» аталатын халқымызды, тағдыр тауқыметiмен көпұлтты атанған елiмiздi, тарих бойында пайда болған құлттық қодымызды» осы «дүлейден» аман сақтап, кейiнгi ұрпаққа қалай жеткiземiз? Мақсат – осы тарихи миссияның жолын табу. Н.Назарбаев ұсынып отырған «рухани жаңғыру» – осы мақсатқа жетудiң басты бағдарламасы болса, соның алдынғы санында әуелi қоғам талабына сай санамызды жаңғырту тұр, ал жаңғырудың басы – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған тiлдiк ерекшелiктерiн айқындайтын өзiмiзге тән әлiпбидiң нұсқасын жасау.

Әлiпби ауыстырудан не ұтымды дегенге келсек, бiз бүл идеяны тiлшi-ғалым ретiнде ғана емес, қазақ ұлтының бiр өкiлi ретiнде, «Қазақстан» аталатын елiмiздiң болашағына жанашыр азамат ретiнде мақұлдаймыз. Себебi, кез келген қазақ тiлi маманы кiрiлл графикасына негiзделген жазудың тiлiмiзде тарих бөйiнде қалыптасқан өзiне тән заңдылықтарға (айтулыдағы үндестiк заңдарына) сәйкес келе бермейтiнiң, яғни орфоэпиялық ережелердiң ескерiлмей, орфографиялық (жазылу) ережелерге баса көңiл бөлiнуiнiң басымдыққа ие болуы бiздiң дыбыстау мүшелерiмiздiң бiртiндеп бұзылуына, сөйтiп сөздерiмiздiң бiр кезде орыс қазақ әлiпбiнiң нұсқаларын жасаудағы көптеген ұсыныспен, осы жолға ертерек түскен туыста халықтардың тарихын талдап-талқылаудан өткiзумен келдiк. Жаңа әлiпбi бiздiң

тiлдiк қолданыста жоғалта бастағанымызды қайта табуға, сөйтiп қазаққа тән болған сазды, әуендi тiлiмiздi қалпына толық келтiре қоймаса да, соған жақындауына көмектесетiнiне сенiм тудырды.

Екiншiден, дүниежүзi елдерiнiң басым бөлiгi, әсiресе, батыстың дамыған алпауыт

науқан қазiргi кезде бiршама саябырлап тұр. Мұның өзi жаңа әлiпбiге көшу баяулап барып бiржолға тоқтап қалуы мүмкiн дегендi бiлдiрмейдi. Бұл бағытта Мемлекеттiк комиссия жұмыстарын жалғастыруда. Алайда, осы бiр уақытша үзiлiстi пайдаланып, латын әлiпбиiне көшудiң болашағына

болдык. Бiрақ бұл жолы да мұндай ұсыныстардың басым көпшiлiгi ескерiлмедi. Сонымен, әлiпби жобасы үшiншi рет халық талқылауына ұсынылды. Мұнда да бiраз талқылау, айтыс-тартыстар болды. Кейбiр ұсыныстар қабылданған тәрiздi көрiндi. Ақырында, осы мәселенi үнемі бақылауда ұстап, халықтың ой-пiкiрлерiн де таразыдан өткiзiп отырған Елбасы комиссия ұсынған үшiншi нұсқаның негiзiнде бұрынғы Жарлыққа өзгерiс енгiзу туралы 2018 жылдың 19 ақпаны күнi жаңа Жарлыққа қол қойды.

Жаңа әлiпби нұсқасында, комиссия құрамындағы мамандардың айтуына қарағанда, халықтың ой-пiкiрлерi, халықаралық терминдердi жазуға сәйкестiгi бiршама ескерiлген, техникалық жазу құралдарын пайдалануға ыңғайлылығы бұрынғыдан әлдеқайда жетiлдiрiлген, яғни компьютер түймелерiнде жоқ қазақша әрiптер латынның негiзгi алфавитiндегi дәйекшесi бар дәйiм әрiптерден алынған және саны азайған.

Тағы бiр қуанарлық жағы – көпшiлiкке күмән келтiрiлген осы кезге дейiнгi кiрiлл әлiпбиiмен жазылған әдеби, модени мұралардың сақталмай қалу қаупiнiң де шешiлуi. Бiздiң жаңа технологияны меңгерген мамандарымыз кез келген әдеби мұраларымызды әп-сәтте осы жаңа әлiпбiге аударып бере алатын мүмкiндiктi ойлп тапқан (бұған kazlatyn.kz сайтына кiру арқылы көз жеткiзуге болады).

Мiне, жаңа нұсқаның жан-жақты таныстырылуынан кейiн-ақ осы әлiпбидi өмiрге бiртiндеп енгiзу жолындағы жұмыстар басталып та кеттi: мамандар даярлау курстарына оқушылар жiберiлдi, оқу орындарында қосымша факультативтiк сабақтар енгiзiлдi, мемлекеттiк қызметкерлердi оқыту қолға алынды, мемлекеттiк деңгейде диктанттар жүргiзiлдi. Тiптi, көшедегi жарнамалар, кәсiптік мекемелер атаулары, теледiардағы жазулар да осы нұсқамен жазыла бастады.

Бұл нұсқаға қатысты «Жаңа әлiпби негiзiндегi қазақ тiлi емлесiнiң ережелерi» дайындалып, халықтық талқылауға ұсынылды. Алайда, осы нұсқаның да жазуда бiрсыпыра қиындық келтiретiн жақтарының бар екенi, бұрын айтылған кей кемшiлiктердiң түзетiлмегенi, қайта қарау қажеттiгi осындай жұмыстар барысында айқындалды. Өрiне, мұндай жағдайда «Ереженiң» де сәйкес келмейтiн жақтарының болуы заңды ғой.

Осыған байланысты ел Президентi Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тiлi мен жаңа әлiпби жөнiнде бұрыннан да әлеуметтiк желiде өзiнiң көзқарастарын бiлдiрiп жүр. Бұл мәселенi әлi де болса зерттей, нақтылай түсу қажеттiгi жөнiнде министрлiкке тапсырма бергенi бәрiмiз де бiлемiз. Сол себептен әлiпбидiң соңғы нұсқасын пайдалану жөнiндегi

сенбеушiлiктiң белең ала бастағанын да жоққа шығаруға болмайды.

Расында, бiр жағынан орыс графикасы арқылы бiлiм алып, ғасырға жуық өмiр сүрiп келе жатқан ұрпақтың латын қарпiн пайдалануға бiрден ден қойып кетуi оңай болмаса, екiншi жағынан қарпiтi қайта-қайта өзгерту, ол жөнiндегi түрлi түсiнiктер де қарапайым халықты шаршата бастаған тәрiздi. Сонымен бiрге баспасөзде, әлеуметтiк желiлерде жарияланып жатқан әралуан кертартпа, алыпқашпа пiкiрлер де халықтың түрлi топтарына қалай да әсер ететiнi белгiлi. Осы себептi кей қазақ ата-аналардың өз балаларын орыстiлдi балабақша мен мектептерге ауыстыруға деген ниеттерiн, тiптi осы ойларын iске асырып үлгiргендердiң де бар екенiн де көре бастадық. Өрiне, қандай да болсын, қоғамдағы әр өзгерiске, әр жаңалыққа деген мыңдаған адамның мыңдаған көзқарасы болуы – заңды құбылыс. Оның үстiне бiздiң мемлекетiмiз көпұлтты болғандықтан, жаңалыққа деген сенiмсiздiк әркiмнiң ой-өресiне, алған бiлiмiне, өскен ортасына, «туған жер», «туған тiл», «Отан» тәрiздi елдiгiмiздiң айғағы ретiнде айтылатын сөздерге деген түсiнiктанымына, тағы да басқа түрлi жағдайларға байланысты тууы мүмкiн. Бiрақ, бiздiң ойымызша, алдымен «мен қазақпын», «мен Қазақстанның азаматымын» дегендi ту етiп ұстайтын елiмiздiң әр мүшесi осы жаңалықтар мен өзгерiстердiң дүниеге келу себептерiн, не үшiн, кiм үшiн жасалып жатқанының түп негiзiн бiлуге тырысса, оған қазiргi жеке басындағы қиындық негiзiнен емес, ұрпақтарының болашақтағы тұрмыс-тiршiлiгiне, елiне, тiлiне, Отанына деген сенiмi тұрғысынан қараса, онда мұндай әрекеттерге бармас едi.

Сонымен бiрге, қазiргi қоғамда бiздiң тәуелсiздiгiмiздi көп көретiн, даму барысындағы жетiстiктерiмiздi қызғанатын, тiптi мүмкiн болса, iштен iрiтiп, тозырып жiберуге дайын, ол үшiн түрлi амалдарды қолданудан қашпайтын жат пығылды жаңдардың да бар екенiн қалай жасырмайыз?! Олардың ойы да, мақсаты да бөлeк: дiндi немесе елдегi кей қиындықтарды (экономикалық, әлеуметтiк) бетке перде, сыныққа сылтау етiп, адамдар арасына iрiктi салу арқылы алауыздық туғызып, қоғамның алға басуына барынша кедергi жасау. Мұндайлардың құралы – көбiне әлеуметтiк желiлер. Сол әлеуметтiк желiлерде жеке адамдардың түсiнбестiкпен айтқан қандай да бiр ойлары осындай жаңдар жаққан отты үрлей түсуге себепшi болуы анық. Асылы, әр азамат сырттай атусты айтылған кез келген сөзге сенбей, жағымсыз да жеңiл қолпашқа ермей, сын айтқанның бәрiн жау көрмей, әдiл сын мен жымсық сынды айыра бiлiп, жарқын болашаққа жақсы үмiтпен сенiп, елдiгiмiздi сақтап қалу жолындағы шынайы да жаңалығы мол i-әрекетке дүрыс пнығылмен қараса, жеңiлмейтiн қиындық, орындалмайтын арман болмаса керек.

Қорыта келгенде, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы айтқандай, «...20-ғасырға шейiн түрiктiң тiлiн асыл қалпын аздырмай алып келген тiл тұрасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиiстi. Атаның аздырмай берген мүлкiн, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды iс болмас». Сондықтан, латын графикасына негiзделген қазақ әлiпбиiн және оның ережелерiн даярлап жатқан комиссия жұмысына табыс тiлей отырып, мемлекетiмiздiң алдында тұрған басты саясаттарының бiрi ретiнде орындалмай қалмайтыны айқын болған осы бiр ұлы iске қолдау бiлдiрiп, оған қатысты iс-шараларға бiр кiсiдей аталысып, жұмыла кiрiсу арқылы ауыр жүктi жеңiлдeтуге, алыс жолды жақындатуға көмектескенiмiз орынды болар.

Женiс СӘДУАҚАСҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
ҚМУ-дың құрметтi профессоры,
ҚР Бiлiм беру iсiнiң құрметтi қызметкерi.

Ағаш көшеттері отырғызылды

Өткен сенбіде облыста мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар, үкіметтік емес ұйымдар қызметкерлері және еріктілердің қатысуымен «Birgemiz: Taза Alem» жашылдттық шарасы өтіп, санитарлық тазарту, көктемгі көркейту-қоғалдандыру жұмыстарына дайындық жасалып, ағаш көшеттері отырғызылды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Бір ғана «Ақмешіт-Сырдария» мешіті аумағында бес мекеменің, атап айтқанда, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, экология департаменті, орман шаруашылығы инспекциясы, «Қазушар» облыстық филиалы мен облыстық кәсіпкерлік палатасы қызметкерлері көктемгі тазалық, көркейту-қоғалдандыру жұмыстарына қатысса, өзге аумақтарда да еріктілер мен мекеме қызметкерлері шараға атсалысты.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Болат Бисенбаевтың айтуынша, орталық мешіт аумағына 300-ге жуық ағаш көшеті отырғызылды.

Аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға арналған шара алдағы уақытта да жалғасуда.



100-ден астам елге тарайды

Ақ үй АҚШ президенті Дональд Трамптың өзінің карантинге сұранған өкілдік палатасының екі мүшесімен кездескен соң тексерілмегенін хабарлады. Дереккөзі Америка лидерінің денсаулығында еш кінәрат жоқ екенін айтты.

Монғолияда бірінші жағдай тіркеліп, науқастың Мәскеу арқылы транзитпен Франциядан келгені белгілі болды. Ал Франция Мәдениет министрінің анализдері оның вирус жұқтырғанын растаған.

Иранда кеселден қорғану үшін өндірістік алкоголь ішкен 7 адам қайтыс болды. Тағы 4 адам метанол пайдаланғандықтан көзі көрмей қалды.

Израил елге келгендердің барлығын карантинге жауып жатыр. Қазір онда Қытай, Сингапур, Тайланд, Жапония, Гонконг, Макао, Оңтүстік Корея, Италия, Испания, Германия, Франция, Швейцария және Австриядан келгендерге екі апталық міндетті өзін-өзі оқшаулау енгізілген.

Кесел әлемдік экономика мен бизнеске кері әсерін тигізуде. Авиакомпаниялар ұшуды шектеу мен билетті өткізгенін кесірінен шығынға бапқан. Бұған мұнай бағасының құлдырағанын қосынды.

Біздiң елдегi жағдайға келсек, Алматы әуежайы вирусты таратпау және аурудың алдын алу мақсатында эпидемиология күрдiлi елдердiң тiзiмiн жариялап, ол жақтарға ыңғайлы келсе сапарламауға шақырды.

Денсаулық сақтау министрлігiнiң 9 наурыздағы мәлiметтерiне қарағанда, Қытайдан және коронавирус қауiпi бар тiзiмге енген елдерден келгендердi тексеру жалғасуда. Сол күнi бақылауда 3676 адам болған.

Кеше тус ауа Қазақстан Республикасының бас санитар дәрігері Жанарбек Бекшин коронавирус инфекциясының Қазақстанға кіру ықтималдығына қатысты ғалымдар болжамымен бөлісті.

– Барлық тиісті шараны іске асырып жатырмыз. «Шенбер» аясы қысылып бара жатқанын көріп отырсыздар. Қытай ғана еді басында. Қазір Иран, Оңтүстік Корея, артына коронавирус Еуропа елдерін шарпыды. Инфекция тіркелген елдердің ортасында қалдық. Өлбетте, бізге вирус кірмейді деп кепілдік бере алмаймыз. Вирус – қамап тастайтын «мал» емес. Адам немесе жануардың бойында өсіп-өркендей береді. Күн сәулесі оны жене ме, жоқ па деген де сұрақ қойылып жатыр. Алайда бұлай ойласақ, күн жарқырап тұрған Иранды қараңыз. Вирус кез келген жануардың азасында дами береді деп айтар едім. Біздің міндет – тәртіп болатындай ұйымдастыру жұмысын күшейту, – деді Ж.Бекшин.

1-бет.



МЕРЕЙ

ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН ТАМЫРЫН

Телевизия – «тірі организм» іспетті мың қатпарлы, ұнғыл-шұңғылы көп синтезді өнер. Әрбір туындысында қаншама адамның қолтаңбасы мен өлшеусіз еңбегі жатыр десеніші! Грим салушы, декоратор, жарық қоюшы, оператор, жүргізуші, редактор, дыбыс пен музыка режиссері, оның ассистенті, монтаждаушы, әрлеуші...

Осылардың біреуі іске қосылма, жұмыс ақсайтындығын кәсіби мамандар жақсы түсінеді. Ал, осы тұтас организмнің құрамын тап баса отырып, сауықтыру шараларын жүргізетін әрі оның қалыпты ырғағын бақылауында ұстайтын бас меңдердің жауапкершілігі тіпті ұшан-теңіз дер едім.

Осындай мықты менеджер – «Қазақстан РТРК АҚ» Қызылорда облыстық филиалының директоры, «Құрмет» орденінің иегері, «ҚР Ақпарат саласының үздігі», «Халықаралық телерадиокомпаниясының» академигі Жағыппар Қарабала. Сыр өңіріндегі «QZYLYORDA» телеарнасының жұмысын ұршықтай үйіріп отырған ұшқыр ойлы өсе бір азаматпен 1993 жылдың күзінде таныстық. Танысып қана қоймай, өпке-іні болып бауырластық. Неге дейсіз ғой? Тағдырымыздың осыншалық ұқсастығын көрмейсіз бе? Ол да, мен де қарапайым шаруа отбасынан шығыппыз. Алматыдағы ҚазМУ-ды бітіріп, алғашқы қызметті де аудандық газеттен бастаптық. Ол – өзі жолламамен барған Жезқазған өңіріндегі Шет ауданында, мен – Сыр өңірінің Шилі ауданында... Кейінірек Қазақ радиосында 25 жыл қызмет істеп елге оралдым. Ол да менен бір жыл бұрын сол тұстағы Қызылорда облыстық телерадионың төрағасы Әбдіжәлел Бәкірдің орнын басарлық қызметке шақыруымен Қызылордаға қайтыпты. Оның үстіне балалығы өткен «қарашанырақ» та – осы жерде. Бір қызығы, сол ағайынды 8 баланың үшеуі бірдей журналист бол шыққан. Әпкесі Бейсенқұл, інісі Айғали және өзі. Бұлайша бір әулеттен «журналистер шоғырының» шығуы сирек ұшырасатын құбылыс.

Міне, содан бері 27 жыл бойғы оның телерадиодағы еңбек жолы – менің көз алдымда. Облыс телевизиясының ашылуы мен қалыптасу кезеңінде білікті журналист қана емес, іскер ұйымдастырушы ретінде оның шығармашылық бет-бейнесі мен бағыт-бағдары айқындалып, тұжырымдамасының жасалуына елеулі үлес қосты. Музыкалық контент қалыптастырып, жас таланттарды таныту мақсатында «Өңші балапан», «Таңшолпан»,



«Бозторғай», тағы да басқа телебайқаулар ұйымдастыруға атсалысты. Сөйтіп, үздік шыққан өрендердің шет елдерде өнер көрсетуіне жол салып берді. Осы кездері жарқырап шыққан жас таланттар Г.Оразымбетова, М.Салуақасова, А.Кішкенбаев, Г.Сіргебаева, Б.Жанұзақова, Т.Рахмет, Ә.Айниязов, тағы басқалар бүгінде «жұлдызға» айналып, оншақтысы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алып та үлгергені белгілі. Осының барлығы – Жағыппар Қарабаланың продюсерлік қызметінің жемісі. Бұнымен қатар, көптен бері тұрақты өткізіліп жүрген күллі түркітілдес халықтардың фольклорлық өнерін насихаттауға арналған «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фестивалінің, сондай-ақ, өзі автор боп дүниеге келтірген «Сыр сандактары» телжобасының да продюсері болды. Бұл оның ауқымды тірліктерінің бір парасы ғана... Бұлардың барлығы бүгінде қапарт телевизиясының «алтын қорында» сақтаулы.

Төккен тер, еткен еңбектің өтеуі болады. Бүгінде өзі бас менеджерлік жасап отырған «QZYLYORDA» телеарнасының журналистері түрлі деңгейдегі шығармашылық додаларға қатысып, одан жүдделі оралып

ты қызметте жүр. Осылардың көбісі оның төл шәкірттері. Жағыппардың шәкпенінен шыққандар. Ол тәжірибесі мол ұстаз ғана емес, білікті менеджер де. Өзі басылық жасаған 15 жыл ішінде телеарнаны бәсекеге қабілетті, қаржылық қауқары күшті, заманауи сипаттағы соңғы тенденцияларды бағыт менгерген, амбициясы жоғары телеарналар санатына қосты. Мемлекеттік ақпараттық тапсырмаларды жүзеге асырып, жергілікті билікпен әріптестік байланыс орнатуда. Тағы бір айтауымыз, бұл ұжымда ұрпақтар сабақтастығының жарқын үрдісі қалыптасқан. «Откенсіз – бүгін, бүгінсіз – ертең жоқ» демекші, әртүрлі мерекелі шаралар үстінде көзі тірі өз ардагерлеріне құрмет көрсетіп ұлықтауы – осының бір дәлелі. Осыған қоса, телеарнаның іргетасын қаласқан Жақсылық Бекқожаев, Есенгелді Шілдебаев, ағаларынан бастап қыршын жас Сахитжан Бермағанбетовке дейінгі марқұмдарды еске алу мақсатында әлденеше рет спорттық турнир ұйымдастырылғаны тағы бар. Сонынан ұжым атынан ас беріліп, аруақтарға құран бағышталғанына өзіміз де күз болдық. Міне, аға ұрпақты ұлықтаудың жөн-жосығын жақсы менгерген кішіпейіл де елгезек Жағыппар «батаменен ер көгеретінін» әбден біледі.

Бұдан басқа тағы бір қайырлы ісі: «мықты кадр бізге әлі керек» деп, зейнеткерлік шыққан «телевизия тарландарының» штаттан тыс қызметте ұстауы. Сөйтіп, бірер жыл бұлардың «ұстаханасынан» жастарды өткізіп алуы дер едік. Сол «жорифейлердің» ішінде менің қаламдарым Несібелі Рахмет пен Қаршыға Есімсейітова да бар. Бұдан басқа қайырлы істері де жетерлік. Қайсыбірін айтып тауысарсың? Осы жолдарды қаламынан сорғалатып отырғанда ойма оралғаны, бұдан бес жыл бұрын маған қоныраулатып, сыр бөлсекен едік. Сонда сөзден боз шығып, өзінің бір құпиясын ашты: «Бұрын біздің телеарнамы бір жыл басқарып, қызметім Алматыға ауыстырып кеткен бір інізін бар еді ғой, апа... Амантай Шәріп дейтін... Сонын жартығасырлық мерейтойына орай, дос-жарандары мен әріптестері бірлесіп отырып, «тосын сый» әзірлеп жатырмыз». Мен де елен ете түстім. «Қандай сый сонда?» Арда аздап үнсіздік орнады. «Айтсаң ба, айтпасаң ба?» деп ойланған сынайлы. Осымен біріңгі айқаны мынау болды: «Оның шығармашылық бейнесін төрт

қырынан: журналист, ақын, ғалым, ұстаз ретінде ашып көрсетпекшіміз. Ғалым достары Дихан Қамзабекұлы, Бауыржан Омарұлынан бастап, журналист-әріптестері Шаһизада Әбдіқаримов, Нұрперзент Домбай, Қуат Бораш, тағы басқалардың (оның ішінде өзім де бармын) әртүрлі ақпарат құралдарында жарияланған дүниелерін құрастырып, «Төрт тоғыз» кітабына енгіземіз. Ал, басты кейіпкерімздің өзі бұл шаруадан мүлдем хабарсыз. Ештеңе білмейді. «Тосын сый» деп атауының себебі де сол ғой!» Осыны айтып, маз болған бауырыма мен де қосыла құлдім. «Шынында да жақсы сыйлық!»

Көп ұзамай осы жинаққолыма түскенде, бір деммен қызыға оқып шықтым. Сүйсіндім. Оның «тосын сый» екендігіне еш шүбәм жоқ. Айрықша әсермен оқып тәмдамған кітаптың соңғы бетін жапқаныма да барып, баспадан жарыққа шығуына де-меушілік жасаған Жағыппар байынғы екендігін білдім. Шығарушылардың алғысы арқылы. Ал, өзі маған бұл жайлы жақ аспаған. Міне, «тосын сый» деп осыны айт!

Енді бір сәт оның сонау балалық шағына қарай ойысайық. Қызылорда қаласының №212 мектебін алтын медальмен бітірген алдында өзінің тұңғыш сезімін оятқан сыныптасты – Құлпанды ойлап, бозөкпе жеткішек:

